



**ДІНИАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ПОНТИФИК КЕҢЕСІ**

**РАМАЗАН АЙЫНЫҢ СОҢЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖОЛДАУ**  
**‘Id al-Fitr 1432 Н. / 2011**

*Христиандықтар мен мұсылмандар:  
адамның рухани өлшемінің дамуына үлес қосу*

**Ватикан қаласы**

Қымбатты мұсылман Достарымыз,

1. Рамазан айының соңы Діниаралық Диалог тақырыбы бойынша Понтифик кеңесіне жүректен шыққан ең жылы тілектерді сіздерге жолдау үшін осы мейірімді мүмкіндікті ұсынады, осы ай ішінде сіздердің күш салған тырысуларыңыз барлық ұмтылған рухани жемістерді әкелсін.

2. Осы жылы, біз адам тұлғасының рухани өлшемі тақырыбына артықшылық бергеніміз орынды болады деп ойладық. Бүгінгі материализм және секуляризм сияқты мәселелердің алдында, бұл тақырып христиандықтар мен мұсылмандар бастапқы маңыздылық беретін нақтылық болып табылады. Әр адамның трансцендентті, шектеулерді асып түсетін ерекше күшпен болатын қатынас тарихтың кездейсоқ дерегі емес, ол адамның табиғатына тән. Біз кездейсоқ жадайларға сенбейміз, біз – өмір тәжірибесіне сүйене отырып – Құдай өздеріміздің жолымызда бізді жетелейтініне көзіміз жетті!

3. Христиандықтар мен мұсылмандар, олардың айырмашылықтарының шегінен тыс, құқықтар мен міндеттерге ие болған адам тұлғасының мәртебесін мойындайды. Олар ақыл-парасат пен бостандық сый ретінде беріліп, дінге сенетін адамдарды осындай, адам табиғатына негізделгеніне байланысты ортақ болып табылатын, құндылықтарды танып мойындау үшін қозғауға тиісті деген пікірді ұстанады.

4. Сол себепті осы адамгершілік және имандылық құндылықтарын жас ұрпақтарға табыс ету – ортақ уайым болып табылады. Біздің міндетіміз – оларға жақсылық пен жамандық болатынын, ар дегеніміз қасиетті ғибадатхана сияқты, оны қадірлеу керектігін, рухани өлшемді жетілдіру ісі бізді одан әрі жауапты, ынтымақтас, ортақ игілік үшін одан әрі ынталы ететінін айқындауға көмектесу.

5. Христиандықтар мен мұсылмандар қасиеттіні арамдау-қорлаудың, дінге сенетін адамдарға қатысты немқұрайлылықтың куәгерлері тым жиі жағдайларда болады. Фанатизм мен қорқытудың барлық түрлерін, теріс ұғымдарды және дау-таласты, сондай-ақ әлеуметтік және саяси өмірде және де бұқаралық ақпарат құралдарында дінге сенетін адамдарға қатысты дискриминацияны айыптаймыз.

6. Біз сіздерге рухани түрде жақынбыз, қымбатты Достар, Құдайдан сіздерге жаңартылған рухани қайрат сұрай отырып, сіздерге біздің ең жақсы бейбітшілік пен бақыт тілектерімізді жолдаймыз.

Кардинал Жан-Луи Торан  
*Төраға*

Архиепископ Пьер Луиджи Челата  
*Хатшы*

ДІНИАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ПОНТИФИК КЕҢЕСІ

00120 Ватикан қаласы

Телефон: 0039 06 6988 4321

Факс: 0039 06 6988 4494

E-mail: [dialogo@interrel.va](mailto:dialogo@interrel.va)

[http://www.vatican.va/roman\\_curia/pontifical\\_councils/interelg/index\\_it.htm](http://www.vatican.va/roman_curia/pontifical_councils/interelg/index_it.htm)

**PONTIFICAL COUNCIL  
FOR INTERRELIGIOUS DIALOGUE**

00120 Vatican City

Telephone: 0039.06.6988 4321

Fax: 0039.06.6988 4494

E-mail: [dialogo@interrel.va](mailto:dialogo@interrel.va)

[http://www.vatican.va/roman\\_curia/pontifical\\_councils/interelg/index.htm](http://www.vatican.va/roman_curia/pontifical_councils/interelg/index.htm)